

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 553 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды - МБУ-125 ұтқыр бұрғылау қондырғыларының үш бірлігін және оның модификацияларын беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен аффилиирленген "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамының қаражаты есебінен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 1950000000 (бір миллиард тоғыз жүз елу миллион) теңге сомада 2005-2006 жылдарға мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатының, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 3 және 4-тармақтарының с а қ т а л у ы н ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.20. N 1052 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі